

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ЗАҢНАМА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ АҚПАРАТ  
ИНСТИТУТЫНЫҢ ЖАРШЫСЫ  
ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛЫ  
ISSN 2788-5283  
eISSN 2788-5291  
TOM 81, НӨМІРІ 1(2026), 100-108

ЭОЖ 349.6  
FTAMP 10.62.01  
DOI 10.52026/2788-5291\_2026\_81\_1\_100  
Ғылыми мақала

© М.К. Жусупбекова<sup>1\*</sup>, М.Қ. Джунусбаева<sup>2</sup>, 2026

<sup>1</sup>Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан  
<sup>2</sup>Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан  
(e-mail: <sup>1</sup>zhmk6464@mail.ru; <sup>2</sup>madina\_imp@inbox.ru)

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЗАҢНАМАСЫ БОЙЫНША ЖАҢУАРЛАР ДҮНИЕСІНІҢ ҰҒЫМЫ МЕН ОНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

**Аннотация.** Бұл мақалада Қазақстан Республикасы заңнамасындағы жануарлар дүниесі ұғымы мен оның белгілері қарастырылады. Қазіргі кезде жануарлар дүниесі табиғи ортаның ажырамас бөлігі болып табылады. Жануарлар дүниесі адамның игілік көзі, өндірістің бастапқы көзі және қоғамның әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру арқылы үлкен пайда әкеледі. Жануарлар дүниесі белгілі бір табиғи жағдайларда оларды пайдалану кезінде үнемі қалпына келтіруге қабілетті жаңартылатын табиғи ресурстардың қатарына жатады. Еліміздің экономикасында балық аулау, аңшылық және басқада маңызды салаларының қызметі оларды пайдалануға негізделген. Қазіргі уақытта жануарлар дүниесін қорғау мәселесі заңгер-эколог ғалымдардың назарын ерекше аударуда. Оған үлкен мән берілуде, өйткені соңғы жылдары еліміздің жануарларының кейбір түрлері мүлдем азайып кетті. Бүгінгі таңда қоршаған табиғи ортаның ластануы, браконьерлік, адамның шаруашылық белсенділігінің артуы және т.б. нәтижесінде жануарлар әлеміне келтірілген зиян нақты фактіге айналды. Құқықтық тұрғыдан жануарлар дүниесін қоршаған ортаның элементі, табиғи объект, табиғи ресурс, пайдалану және қорғау объектісі, мемлекеттік меншік объектісі, ғылым тақырыбы, табиғат қорғау объектісі және құқықтық қатынастар объектісі ретінде де қарастыруға болады. Мұндай жағдайларда жануарлар дүниесінің ұғымын, оның белгілерін егжей-тегжейлі зерделеу, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі қатынастарды одан әрі дамытудың теориялық негізін қалыптастыру үшін қажет. Бұл мақалада Қазақстан Республикасы заңнамасындағы жануарлар дүниесі ұғымы мен оның белгілері әмбебап және салыстырмалы құқықтық талдаудың ғылыми әдістерін қолдану арқылы қарастырылады.

Жануарлар дүниесінің ұғымы мен оның құқықтық белгілерін анықтау тек теориялық қана емес, сонымен бірге үлкен практикалық маңызға ие, өйткені экологиялық заңнамада берілген жануарлар әлемінің заңды анықтамасы нормативтік құқықтық актілердегі қайшылықтар мен дәлсіздіктерді жоюға мүмкіндік береді, жабайы жануарларды қорғау, өсіру және тұрақты пайдалану қатынастарын одан әрі жетілдіруге ықпал етеді. Осы мақаланың қорытындысында авторлар жануарлар дүниесінің ұғымын, жануарлар дүниесінің нақты белгілерін анықтайды.

**Түйінді сөздер:** жануарлар дүниесі; антропогендік әсер; аң аулау; браконьерлер; балық аулау; фауна; табиғи еркіндік; қоршаған орта; жабайы жануарлар; тірі организмдер.

### Кіріспе

Жануарлар дүниесі табиғи ортаның ажырамас құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады, сондықтан оның әртүрлілігін сақтау табиғаттағы экологиялық тепе-теңдікті сақтау, сонымен қатар қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін керек.

Жануарлар дүниесі планета биосферасының ең маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Жануарлар дүниесі адамның игілігі мен ләззат көзі, өндірістің бастапқы көзі және оның биологиялық тіршілік ету шарты болып табылады. Жануарлар әлемінің алуан түрлілігі соншалықты, оны әлі нақты сипаттау

мүмкін емес. Жабайы жануарлар адамның әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру арқылы үлкен пайда әкеледі. Адамдар жануарлар әлемін көп ойланбастан пайдаланады, табиғаттың бұл объектісі қазіргі және болашақ ұрпақ үшін сақталуы керек. Өкінішке орай, адамның жануарлар объектілерін пайдалану қажеттіліктері оларды қорғау туралы қамқорлықтан әлдеқайда жылдам дамып келеді. Адамның жануарлар әлеміне әсері оның жеке түрлерінің санының азаюына немесе жойылуына әкеледі.

Жануарлар дүниесі белгілі бір табиғи жағдайларда оларды пайда-

\* хат-хабарларға арналған автор. E-mail: hmk6464@mail.ru.

лану кезінде үнемі қалпына келтіруге қабілетті жаңартылатын табиғи ресурстардың қатарына жатады.

Оларды қалпына келтіру және кеңейтілген көбеюді қамтамасыз ету үшін белгілі бір жағдайларды жасау қажет. Қалпына келтіру процесінің өз уақыт шектеулері бар. Нәтижесінде «табиғи тепе-теңдік» бұзылған кезде жануарлар әлемін қорғау шараларын қабылдау қажет болады. Жануарлар дүниесін қорғау халықаралық және мемлекеттік маңызы бар міндетке айналып, кешенді құқықтық реттеуді талап етеді.

### **Әдістер мен пайдаланылған материалдар**

Жануарлар дүниесінің ұғымы мен оның белгілері мәселесімен көптеген ресейлік және отандық ғалымдар айналысуда.

Жануарлар дүниесінің ұғымы мен оның белгілері туралы мақала жазу барысында ресейлік және отандық ғалымдарының ғылыми жұмыстары, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттары пайдаланылды, тарихи, аналитикалық талдау, салыстырмалы әдістер, талдау мен синтез әдістері қолданылды.

Сонымен бірге, О.С.Колбасов, Н.Н.Веденин, Л.А.Заславская, И.С.Шахрай, В.В.Петров, Т.Н.Малая сияқты ғалымдардың ғылыми еңбектері зерттеліп, пайдаланылды.

### **Зерттеу нәтижелері**

Жануарлар дүниесі экономикалық пайдалану объектісі болып табылады, өйткені оның экономикалық, әлеуметтік, ғылыми, мәдени және моральдық маңызы зор.

Жануарлар әлемін, сондай-ақ бүкіл табиғатты қорғау механизмінде құқық шешуші рөл атқарады. Табиғи құқықтық позициядан жануарлар дүниесін қоршаған ортаның элементі, табиғи объект, табиғи ресурс, пайдалану және қорғау объектісі, мемлекеттік меншік объектісі, ғылым тақырыбы, табиғат қорғау объектісі және құқықтық қатынастар объектісі ретінде де қарастыруға болады.

Қазіргі уақытта ғалымдар қарапайым жәндіктерден сүтқоректілерге дейінгі жануарлардың 1,6 миллионнан

астам түрін сипаттады. Ресей ғалымы О.С. Колбасов айтып өткендей: «Жабайы жануарлардың көптеген түрлері ұлттық табиғи ресурстарға жатады және жекелеген мемлекеттердің айрықша егемендігінде. Жер шарындағы табиғи ортаның осы құрамдас бөлігінің жай-күйі, негізінен, әрбір елдің өз аумағында және өз юрисдикциясы шегінде жануарлар дүниесін қорғауды қаншалықты тиімді қамтамасыз ететініне байланысты болады» [1, с. 130].

Қазақстан Республикасында жануарлар дүниесін қорғаудың негізгі ережелері «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» заңында бекітілген<sup>1</sup>. Осы заңмен қатар жануарлар дүниесін пайдалану мен қорғауға бағытталған жеткілікті дамыған заңнама бар. Мұндай жағдайларда жануарлар дүниесін құқықтық қорғаудың теориясы мен практикасын егжей-тегжейлі зерделеу, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі қатынастарды одан әрі дамытудың теориялық негізін қалыптастыру үшін жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі іс-шаралардың ерекшеліктерін жан-жақты талдау қажеттілігі табиғи түрде туындайды.

Жануарлар дүниесін қорғаудың негізгі міндеттерінің бірі жануарлар дүниесін антропогендік әсерден қорғау болып табылады. Экономикалық қарым-қатынастардың дамуымен жануарлар дүниесіне адам тарапынан кері әсер ету нысандары жан-жақты болып келеді. Егер бұрынғы кезде адамдар түрлі мақсатта жануарлардың бірқатар түрлерін жойып, өсімдіктерді жағу арқылы олардың өмір сүру жағдайларын өзгертсе, қазіргі кезде батпақтардың құрғауы, су қоймаларының пайда болуы және ормандардың жойылуы салдарынан тіршілік ету ортасының бұзылуы орын алуда. Антропогендік факторлардың ауқымы және олардың жануарлар әлеміне кері әсер ету формалары кең және алуан түрлі.

Қазақстанның жануарлар дүниесі ерекше және алуан түрлі. Елімізде тек өзіміздің табиғатымызға ғана тән құстардың, сүтқоректілердің, жәндіктердің, өсімдіктердің ондаған түрін кездестіруге болады. Көптеген фауна өкілдері Қазақстанның нағыз рәміздеріне

<sup>1</sup> Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы ҚР 2004 жылғы 9 шілдедегі №593 Заңы // URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000593\\_/](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000593_/) (жүгінген күні: 13.09.2024).

айналды және ерекше қорғалуда.

Экономиканың балық аулау, аңшылық және басқада маңызды салаларының қызметі оларды пайдалануға негізделген. Қазіргі уақытта жануарлар дүниесін қорғау мәселесі Қазақстанның фаунасын зерттеумен айналысатын барлық эколог-ғалымдар мен мамандардың назарын аударуда. Оған үлкен мән берілуде, өйткені соңғы жылдары еліміздің жануарларының кейбір түрлері мүлдем жойылып кетті. Бұл жағдай, ең алдымен, жабайы жануарларды пайдаланудан алынатын өнімге сұраныстың жыл сайын артып отырғанымен түсіндіріледі.

Бүгінгі таңда қоршаған табиғи ортаның ластануы, браконьерлік, адамның шаруашылық белсенділігінің артуы және т.б. нәтижесінде жануарлар әлеміне келтірілген зиян нақты фактіге айналды. Қазақстанда экологиялық қылмыстардың саны азаймай отыр. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәліметі бойынша 2023 жылдың басынан бері Қазақстанда еліміздің табиғи ресурстарын пайдалану саласында 300 мыңнан астам әкімшілік құқық бұзушылық анықталды. Бұған заңсыз балық аулау, аң аулау, ағаштарды кесу және басқа да табиғи ресурстарды пайдалану жатады. 2023 жылдың 20 қазанынан бастап Ішкі істер министрлігі республика бойынша рейдтік іс-шаралар өткізді. Қазірдің өзінде 61 қылмыстық және 2 мыңнан астам әкімшілік құқық бұзушылық анықталды. Заңсыз аң аулау немесе балық аулау фактілері ғана емес, аңшылар арасында қаруды абайсызда ұстау да орын алуда<sup>2</sup>.

Ғылыми әдебиеттерде жануарлар әлемінің өкілдерін төрт санатқа бөлу ұсынылады:

- ерекше қорғалатын жануарлар - сирек, құрып кету қаупі төнген және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы жануарлар;

- кәсіптік жануарлар - аң аулауға, балық аулауға не аң аулауға немесе балық аулауға байланысты емес өндіріс объектілері;

- пайдалы экологиялық қасиеттері бар жануарлар - топырақ түзуші, өсімдіктерді тозаңдандырғыштар, орман сани-

тарлары;

- басқа жануарлар – ауру қоздырғыштары, ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығының зиянкестері және т.б. [2, с. 41].

Жануарлар дүниесінің заңды анықтамасы 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» заңының 1-бабының 38-тармағында «жануарлар дүниесі – Қазақстан Республикасының аумағын тұрақты немесе уақытша мекендейтін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құрлықтағы қайраңының және айрықша экономикалық аймағының табиғи ресурстарына жататын жануарлар жиынтығы», - деп көрсетілген<sup>3</sup>.

Л.А. Заславская жануарларды экологиялық құқықтық қатынастардың объектілері ретінде сипаттайтын белгілерді жіктеуге әрекет жасады. Бұл белгілер үш топқа бөлінеді: биологиялық (жануарлардың тіршілік ету және жабайы табиғат жағдайы), қоршаған ортасы (жағдайлары мен мекендеу орны) және аумақтық (аумақтағы жануарлар дүниесі туралы заңнаманың әрекетімен анықталады) [3, с. 147-160].

И.С.Шахрай табиғи еркіндікті табиғаттың экологиялық жүйесінің тізбегінде бола отырып, жануардың қоршаған ортамен тікелей табиғи байланысы деп түсінеді [4, с. 35]. Жануарлар дүниесінің жағдайы көп жағдайда оның тіршілік ету ортасына (ормандар, сулар, топырақ, атмосфера), табиғи объектілердің жағдайына байланысты болады. Сондықтан да, мемлекеттің маңызды міндеті жабайы жануарларды тікелей жойылудан және ұтымсыз пайдаланудан қорғау ғана емес, сонымен қатар олардың мекендейтін ортасын да қорғау болып табылады.

Ғылыми әдебиеттерде жабайы жануарлардың мүмкін болатын географиялық ортасын (құрлықта, суда, атмосферада және топырақта) заңнамалық тұрғыда бекіту ғана емес, сонымен қатар заңнамаға жабайы жануарлардың «тіршілік ету ортасы» деген құқықтық түсінігін, сондай-ақ оның оқшаулануы және тәуелсіздігі туралы ережелерді

<sup>2</sup> В Казахстане ущерб от браконьеров составил 13 миллиард тенге // URL: <https://ustinka.kz/kazakhstan/society/90867.html> (дата обращения: 13.09.2024).

<sup>3</sup> Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы ҚР 2004 жылғы 9 шілдедегі №593 Заңы // URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000593\\_/](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000593_/) (жүгінген күні: 13.09.2024).

енгізу қажеттілігі айтылған болатын [3, с. 153].

### Талқылау

Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» заңының 1-бабының 35-тармағына сәйкес, «жануарлар – құрғақта, суда, атмосферада және топырақта табиғи еркіндік жағдайында болатын жабайы жануарлар (сүтқоректілер, құстар, бауырымен жорғалаушылар, қосмекенділер, балықтар, моллюскалар, жәндіктер және тағы басқалары)», - деп көрсетілген. Жануарлар дүниесі заңнамасы жабайы жануарлардың мынадай географиялық ортасын: құрлық, су, атмосфера мен топырақты заңнамалық тұрғыда бекітіп отыр. Бір сөзбен айтқанда, жабайы жануарлардың тіршілік ету ортасы нақты көрсетіліп тұр<sup>4</sup>.

Осылайша, жануарлар дүниесі тірі организмдердің, Қазақстан аумағын тұрақты немесе уақытша мекендейтін және табиғи еркіндік жағдайындағы, сондай-ақ континенттік қайраңның, Қазақстан Республикасының айрықша еркін экономикалық аймағының табиғи ресурстарына жататын жабайы жануарлардың барлық түрлерінің жиынтығы ретінде айқындалады.

Қазақстандық азаматтық заңнама «жануарлар» ұғымына жалпы анықтама бермейді. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің жалпы бөлімінде «Жануарлар» деп аталатын 124-бап бар. Онда заңдарда өзгеше белгіленбегендіктен, жануарларға заттар туралы жалпы ережелер қолданылады деп көрсетілген<sup>5</sup>.

Жануарлар дүниесі туралы қолданыстағы заңнамасын, сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғау және пайдалану мәселелеріне арналған ғылыми әдебиеттерді талдау жануарлар дүниесінің келесі заңды белгілерін анықтауға мүмкіндік береді.

1. Жануарлар дүниесі қоршаған ортаның құрамдас бөлігі ретінде әрекет етеді. Жануарлар дүниесі туралы заңнамада бұл белгі «жабайы жануарлар» деген сөздермен көрсетілген. Сондай-ақ, жануарлар дүниесінің қазіргі заңдық

анықтамасында жабайы жануарлардың «табиғи еркіндік жағдайында» болуы сияқты белгісі көрсетілген. Осы жерде, И.С.Шахрайдың табиғи еркіндікті табиғаттың экологиялық жүйесінің тізбегінде бола отырып, жануардың қоршаған ортамен тікелей табиғи байланысы деген пікірімен толық қосылуға болады.

Көріп отырғанымыздай, қазақстандық заң шығарушы жабайы жануарлардың тіршілік ету ортасын (жер беті, топырақ, жер асты қуыстары), жер үсті сулары мен атмосферасы), сонымен қатар жабайы жануарлардың мекендейтін ортасын анықтауды қажет деп санады. Жабайы жануарлардың тіршілік ету ортасы, ол жануарлар дүниесі объектілері табиғи еркіндік жағдайында өмір сүретін табиғи ортаны білдіреді.

Азаматтардың жануарларды жеке меншік түрінде ұстауына келер болсақ, олар, әдетте, жануарлар дүниесінің объектілері болып табылмайды, өйткені олар жануарлар дүниесі туралы заңдармен реттелмейді. Үй жануарлары, сондай-ақ тұтқында ұсталатын жануарлар (хайуанаттар бағы, аквариумдар, торлар) жануарлар дүниесінің объектілері емес. Аталған жануарларға қатысты қатынастар аграрлық, азаматтық және әкімшілік заңдармен реттеледі.

2. Жануарлар дүниесінің құқықтық анықтамасының екінші белгісі - оның құрамы. Сонымен жануарлар әлеміне барлық жануарлар емес, тек жабайы жануарлар жатады. Жабайы жануарларды үй жануарларынан ерекшелігі - жабайы жануарлардың негізінен адамның бақылаусыз табиғи түрде туып, өмір сүретіндігі. Соңғы кезде жануарлардың көптеген түрлері белгілі бір дәрежеде адамдардың іс-әрекетінің нәтижесі болып табылады. Бұл әсіресе жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлеріне, бағалы балық түрлеріне, аң аулау объектілері болып табылатын жануарларға қатысты, олардың көбеюі негізінен адамның бақылауына алынған. Жануарлар дүниесінің құқықтық құрамын анықтау кезінде, әдетте, жануарлардың жаратылыстану-ғылыми классификациясы қолданылады. Заңнамада «сүтқоректілер» термині қолда-

<sup>4</sup> Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы ҚР 2004 жылғы 9 шілдедегі №593 Заңы // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z040000593/> (жүгінген күні: 13.09.2024).

<sup>5</sup> 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі // URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000\\_#z145](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_#z145) (жүгінген күні: 13.09.2024).

нылады. Жабайы жануарларға сүтқоректілермен қатар құстар, бауырымен жорғалаушылар, қосмекенділер, балықтар, моллюскалар, жәндіктер және табиғи еркіндік жағдайында жер бетінде, топырақта, жер үсті суларында және атмосферада тіршілік ететін басқа да жануарлар жатады. Жабайы жануарлардың барлық түрі мемлекет қорғауында болуы керек деген пікірмен келісеміз.

3. Заң әдебиеттерінде көрсетілген жануарлар дүниесінің құқықтық реттеу объектісі ретіндегі белгілерінің бірі – организмдердің тірі күйде болуы. Табиғи себептерден өлген немесе адам өлтірген жабайы жануарлар жануарлар дүниесінен автоматты түрде шығарылады.

4. Жануарлар дүниесінің маңызды белгісі - мемлекеттің кеңістік шекарасында жабайы жануарлардың болуы. Жануарлар дүниесінің экологиялық құқықтық қатынастардың объектісі және меншік құқығының объектісі болып табылуы, тек олардың Қазақстан Республикасының аумағында болған (тұрақты немесе уақытша) сәтте ғана мүмкін.

Жануарлар мемлекеттік шекаралар арқылы қоныс аудара алады. Бұл ретте біздің мемлекетіміздің аумағында көші-қон кезінде болатын жануарлар республиканың жануарлар дүниесінің құрамына автоматты түрде енгізіледі және мемлекеттік меншік құқығының объектілеріне айналады. Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесінің құрамына кіретін кейбір жануарлар санының айтарлықтай ауытқуы осыған байланысты.

5. Заң әдебиеттерінде жануарлар дүниесіне тек жеке, тәуелсіз материалдық объектілерді бейнелейтін тірі организмдер ғана кіретіндігі ерекше атап өтілген.

Ресей ғалымы О.С. Колбасов бұл белгіні оқшаулау қажеттілігін кейбір тірі организмдердің өмір сүруімен және қоғамда табиғи ортаның басқа элементтерінің немесе басқа тірі организмдердің органикалық ажырамас құрамдас бөліктері ретінде қабылдануымен негіздейді. Мәселен, мысалы, топырақтың тірі микроорганизмдері топырақтың сапалы күйінің элементін құрайды және оларды пайдалану мен қорғау жер қатынастарының объектісі ретінде әрекет ететін топырақтың өзін пайдалану мен

қорғаудан бөлінбейді.

Ол, сондай-ақ, экологиялық заңнамада жануарлар дүниесі объектілерінің физикалық оқшаулануы туралы ережені бекітуді ұсынады, оның пікірінше, қоршаған ортаның басқа элементтерінің органикалық ажырамас компоненттері болып табылатын жануарларды экологиялық құқықтық қатынастар объектілері ретінде қарастырмауға мүмкіндік береді [5, с. 61-62]

Жануарлар дүниесінің бұл сипаттамасын негіздеу үшін В.В.Петров негізгі зат және оның меншік құқығы туралы азаматтық құқық нормаларын қолдануды ұсынады [6, с. 88].

6. Жануарлар дүниесінің заң әдебиеттерінде ерекше көзге түсетін тағы бір белгісі, мысалы, объектінің тұтынылмайтындығы да назар аударуды қажет етеді [7, с.13]. Бұл жекелеген жануарлар республика аумағынан басқа мемлекеттің аумағына ауысқан кезде, сондай-ақ жануарлар дүниесін пайдалану нәтижесінде жекелеген даналар жойылған кезде жануарлар дүниесі тұтастай алғанда экологиялық құқықтық қатынастардың объектісі ретінде жойылмайтынын білдіреді.

7. Жануарлар дүниесінің құқықтық түсінігі жабайы жануарлардың пайдалылығы мен зияндылығы бойынша жіктелуіне байланысты ма деген сұрақ ұзақ уақыт бойы даулы болды. Ұзақ уақыт бойы, әсіресе ХХ ғасырдың ортасында ғалымдар пайдалылық белгісін жануарлар дүниесінің міндетті белгілеріне жатқызды. Кейіннен көптеген авторлар мен заң шығарушылар жануарлардың пайдалылығы мен зияндылығы салыстырмалы, сондықтан жануарлар әлеміне жануарлардың адамға пайдалылығына қарамастан барлық түрлері кіреді деген дұрыс қорытындыға келді.

### Қорытынды

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында жануарлар түрлерін қорғау мен пайдаланудың экологиялық жүйедегі рөліне қарай әртүрлі тәртіптер белгіленген. Өңгіме халықтың денсаулығын сақтау, жануарлар ауруларының алдын алу, заңды және жеке тұлғаларға материалдық залал келтірмеу, түрлердің әртүрлілігін сақтау мақсатында жабайы жануарлардың жекелеген

түрлерінің санын реттеу шараларын жүргізу туралы болып отыр.

Бұл ретте жануарлар дүниесін қорғау және пайдалану саласындағы арнайы уәкілетті мемлекеттік органдарға, сондай-ақ ауыл, орман, балық және аңшылық шаруашылығын жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларға жануарлардың санын бақылау және шектеу жауапкершілігі жүктеледі. Сонымен қатар, заңнамада жануарлардың жекелеген түрлерін олардың санын азайту мақсатында оларды жинауға рұқсат беру тәртібі жеке реттеледі.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде келесі қорытындылар жасауға болады:

Біріншіден, «Жануарлар дүниесі тірі организмдер мен Қазақстан аумағын тұрақты немесе уақытша мекендейтін және табиғи еркіндік жағдайындағы, сондай-ақ континенттік қайраңның, Қазақстан Республикасының айрықша еркін экономикалық аймағының табиғи ресурстарына жататын жабайы жануарлардың барлық түрлерінің жиынтығы».

Екіншіден, Жануарлар дүниесінің белгілеріне мыналарды жатқызуға болады:

- табиғи еркіндік жағдайында өмір сүруі;
- құрамы, яғни сүтқоректілермен қатар құстар, бауырымен жорғалаушылар, қосмекенділер, балықтар, моллюскалар, жәндіктер және табиғи еркіндік жағдайында жер бетінде, топырақта, жер үсті суларында және атмосферада тіршілік ететін басқа да жануарлар;
- жабайы жануарлардың тірідей болуы;
- мемлекеттің кеңістік шекарасында болуы;
- жануарлар дүниесі жеке, тәуелсіз материалдық объектілерді бейнелейтін тірі организмдерді ғана қамтиды;
- объектінің жойылмайтындығы.

Үшіншіден, жануарлар дүниесінің заңды тұжырымдамасына негізделген құқықтық белгілерді анықтау тек теориялық қана емес, сонымен бірге үлкен практикалық маңызға ие, өйткені экологиялық заңнамада берілген жануарлар әлемінің заңды анықтамасы нормативтік құқықтық актілердегі қайшылықтар мен дәлсіздіктерді жоюға мүмкіндік береді, жабайы жануарларды қорғау, өсіру және тұрақты пайдалану қатынастарын одан әрі жетілдіруге ықпал етеді.

#### Әдебиеттің тізімі:

1. Колбасов О.С. Международно – правовая охрана окружающей среды. М.: Международные отношения, 1982. 130с.
2. Веденин Н.Н. Животный мир: проблемы охраны и использования // Журнал российского права. 2002. № 12. С. 41.
3. Заславская Л.А. Законодательство о животном мире и охране окружающей среды: практика применения // Государство и право. 1996. № 8. С.147 - 160.
4. Шахрай И.С. Правовое понятие животного мира // Известия Национальной академии наук Беларуси. 2001. № 4. С.35.
5. Колбасов О.С. Право собственности на животный мир. Развитие аграрно-правовых наук. М.: Издательство Института государства и права, 1980. С. 61-62.
6. Петров В.В. Правовая охрана природы в СССР. М.: Юридическая литература, 1984. 88 с.
7. Малая Т.Н. Право собственности на животный мир. Саранск: Издательство Мордовского университета, 1994. С.13.

© М.К. Жусупбекова<sup>1</sup>, М.К. Джунусбаева<sup>2</sup>, 2026

<sup>1</sup> Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан

<sup>2</sup> Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан (e-mail: <sup>1</sup>zhmk6464@mail.ru; <sup>2</sup>madina\_imp@inbox.ru)

## ПОНЯТИЕ И ПРИЗНАКИ ЖИВОТНОГО МИРА ПО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВУ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**Аннотация.** В данной статье рассматривается понятие животного мира и его признаки по законодательству Республики Казахстан. В настоящее время животный мир является неотъемлемой частью природной среды. Животный мир приносит огромную пользу, являясь источником благополучия человека, исходным источником производства и удовлетворения различных потребностей общества.

Животный мир – один из возобновляемых природных ресурсов, которые могут постоянно восстанавливаться в процессе их использования в определенных природных условиях. На их

использовании основана деятельность рыболовства, охоты и других важных отраслей экономики страны. В настоящее время вопрос охраны животного мира привлекает внимание ученых-юристов и экологов. Этому придается большое значение, поскольку за последние годы некоторые виды животных нашей страны полностью сократились. В настоящее время загрязнение окружающей среды, браконьерство, усиление хозяйственной деятельности человека и т.д. стал реальным фактом нанесения ущерба животному миру.

С правовой точки зрения животный мир также можно рассматривать как элемент окружающей среды, природный объект, природный ресурс, объект использования и охраны, объект государственной собственности, предмет науки, объект охраны природы и объект правоотношений. В таких случаях необходимо детальное изучение понятия животного мира, его признаков, формирование теоретической основы дальнейшего развития отношений по охране животного мира. В данной статье рассматривается понятие животного мира и его признаки по законодательству Республики Казахстан с использованием научных методов универсального и сравнительно-правового анализа. В заключении данной статьи авторы определяют понятие животного мира, признаки животного мира.

**Ключевые слова:** животный мир; антропогенное воздействие; охота, браконьеры; рыболовство; фауна; природа свободы; окружающая среда; дикие животные; живые организмы.

© M.K. Zhussupbekova<sup>1</sup>, M.K. Zhunusbaeva<sup>2</sup>, 2026

<sup>1</sup> Korkyt Ata Kyzylorda University, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup> Kazakh University of international relations and world languages named after Abylai Khan, Almaty, Kazakhstan  
(e-mail: 'zhmk6464@mail.ru; <sup>2</sup>madina\_imp@inbox.ru)

## THE CONCEPT OF WILDLIFE AND ITS FEATURES ACCORDING TO THE LEGISLATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**Abstract.** This article discusses the concept of wildlife and its features in the legislation of the Republic of Kazakhstan. Today, wildlife is an integral part of the natural environment. The animal world brings great benefits through a source of human well-being, the primary source of production and the satisfaction of various needs of society.

The animal world is one of the renewable natural resources that can be constantly restored in the process of their use in certain natural conditions. Fishing, hunting and other important sectors of the country's economy are based on their use. Currently, the issue of protecting the animal world attracts the attention of legal scholars and ecologists. Great importance is attached to this, since in recent years some species of animals in our country have completely decreased. Currently, environmental pollution, poaching, increased human economic activity, etc. have become a real fact of harm to the animal world.

From a legal point of view, wildlife can also be considered as an element of the environment, a natural object, a natural resource, an object of Use and protection, an object of state property, the subject of Science, an object of nature protection and an object of legal relations. In such cases, a detailed study of the concept of Wildlife, its features are necessary for the formation of a theoretical basis for the further development of relations for the protection of wildlife. This article discusses the concept of wildlife and its features in the legislation of the Republic of Kazakhstan using scientific methods of universal and comparative legal analysis. In conclusion, of this article, the authors define the concept of wildlife, the features of wildlife.

**Keywords:** wildlife; anthropogenic impact; hunting; poachers; fishing; fauna; natural freedom; environment; wild animals; living organisms.

### References:

1. Kolbasov O.S. Mezhdunarodno – pravovaya ohrana okruzhayushchei sredy. M.: Mezhdunarodnyye otnosheniya, 1982. 130s.
2. Vedenin N.N. Zhivotnyi mir: problemy ohrany i ispolzovaniya // Zhurnal rossiyskogo prava. 2002. № 12. S. 41.
3. Zaslavskaya L.A. Zakonodatelstvo o zhivotnom mire i ohrane okruzhayushchei sredy: praktika primeneniya // Gosudarstvo i pravo. 1996. № 8. S.147 - 160.
4. Shahrai I.S. Pravovoe ponyatie zhivotnogo mira // Izvestiya Nacionalnoi akademii nauk Belarusi. 2001. № 4. S.35.
5. Kolbasov O.S. Pravo sobstvennosti na zhivotnyi mir. Razvitie agrarno-pravovyh nauk. M.: Izdatelstvo Instituta gosudarstva i prava, 1980. S. 61-62.
6. Petrov V.V. Pravovaya ohrana prirody v SSSR. M.: Yuridicheskaya literatura, 1984. 88s.
7. Malaya T.N. Pravo sobstvennosti na zhivotnyi mir. Saransk: Izdatelstvo Mordovskogo universiteta, 1994. S.13.

### Авторлар туралы мәліметтер:

**Жусупбекова Мадина Қойшыбаевна** – хат-хабарларға арналған автор, заң ғылымдарының кандидаты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің құқықтану кафедрасының доцент, Әйтеке би көшесі, 29А, 120014, Қызылорда, Қазақстан.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3858-0472>;

E-mail: [zhmk6464@mail.ru](mailto:zhmk6464@mail.ru).

**Джунусбаева Мадина Қалдарбекқызы** – Абылай хан атындағы атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің аға оқытушысы, Муратбаев көшесі, 200, 050022/A05K2F0, Алматы, Қазақстан.

ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-8727-3364>;

E-mail: [madina\\_imp@inbox.ru](mailto:madina_imp@inbox.ru).

**Алғыс.** Авторлар сарапшылық пікірі мен сындарлы көзқарасы үшін рецензенттерге алғыс білдіреді.

**Дәйексөз келтіру үшін.** Жусупбекова М.Қ., Джунусбаева М.Қ. Қазақстан Республикасы заңнамасы бойынша жануарлар дүниесінің ұғымы мен оның белгілері // Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Жаршысы. Ғылыми-құқықтық журнал. 2026;81(1): 100-108. DOI – [https://doi.org/10.52026/2788-5291\\_2026\\_81\\_1\\_100](https://doi.org/10.52026/2788-5291_2026_81_1_100).

**Авторлардың қосқан үлесі:**

**Жусупбекова М.Қ.** - мақала жазудағы үлесі – тақырып бойынша ғылыми мақала жазудағы идеяларды қалыптастыру және зерттеу тұжырымдамасын құруда. Сонымен қатар, автормен зерттеу жоспары дайындалды (ғылыми мақаланы жазу сатылары, оларды жүзеге асыру мерзімдерін белгілеу, жинақтау).

**Джунусбаева М.Қ.** - үлесі мақаланың құрылымын редакцияның бекіткен талаптарына сәйкес келуін тексеруінде, кіріспе мен қорытындыны әзірлеуінде, тексерілген мақаланы жөндеуінде және әдебиеттерді рәсімделуі мен транслитерациялауында.

**Мүдделер қақтығысы туралы ақпарат.** Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын туралы мәлімдейді.

**Қаржыландыру көзі.** Авторлар зерттеу жүргізу кезінде қаржыландырудың жоқтығын туралы мәлімдейді.

Мақала редакцияға келіп түсті: 20.01.2025; рецензиялаудан кейін келіп түсті: 02.06.2025; басып шығаруға қабылданды: 31.03.2026.

Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады.

**Сведения об авторах:**

**Жусупбекова Мадина Койшибаевна** – автор для корреспонденции, кандидат юридических наук, доцент кафедры правоведения Кызылординского университета имени Коркыт Ата, улица Айтеке би, 29А, 120014, Кызылорда, Казахстан.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3858-0472>;

E-mail: [zhmk6464@mail.ru](mailto:zhmk6464@mail.ru).

**Джунусбаева Мадина Калдарбековна** – старший преподаватель Казахского университета международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, улица Муратбаева, 200, 050022/A05K2F0, Алматы, Казахстан.

ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-8727-3364>;

E-mail: [madina\\_imp@inbox.ru](mailto:madina_imp@inbox.ru).

**Благодарности.** Авторы выражают благодарность рецензентам за экспертное мнение и конструктивный подход.

**Для цитирования.** Жусупбекова М.К., Джунусбаева М.К. Понятие и признаки животного мира по законодательству Республики Казахстан // Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. Научно-правовой журнал. 2026;81(1): 100-108. DOI – [https://doi.org/10.52026/2788-5291\\_2026\\_81\\_1\\_100](https://doi.org/10.52026/2788-5291_2026_81_1_100).

**Вклад авторов:**

**Жусупбекова М.К.** - вклад в написании статьи, формирование идей и создание концепции исследования в написании научных статей по теме. Кроме того, автором разработан исследовательский план (этапы написания научных статей, установление сроков их реализации, сбор материалов).

**Джунусбаева М.К.** - доля в проверке соответствия структуры статьи требованиям, утвержденным редакцией, подготовке введения и заключения, доработка проверенной статьи, оформлении и транслитерации литературы.

**Информация о конфликте интересов.** Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

**Источник финансирования.** Авторы заявляют об отсутствии финансирования при проведении исследования.

Статья поступила в редакцию: 20.01.2025; поступила после рецензирования: 02.06.2025; принята в печать: 31.03.2026.

Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи.

**Information about authors:**

**Zhussupbekova Madina Koishibayevna** - corresponding authors, Candidate of Legal Sciences, Associate professor of Korkyt Ata Kyzylorda University the Department of Jurisprudence, 29A, Aiteke Biy Street, 120014, Kyzylorda, Kazakhstan.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3858-0472>;

E-mail: [zhmk6464@mail.ru](mailto:zhmk6464@mail.ru).

**Zhunosbaeva Madina Kaldarbekovna** - Senior lecturer of the Kazakh University of international relations and world languages named after Abylai Khan, 200, Muratbaev Street, 050022/A05K2F0, Almaty, Kazakhstan.

ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-8727-3364>;

E-mail: [madina\\_imp@inbox.ru](mailto:madina_imp@inbox.ru).

**Acknowledgements.** The authors would like to express their gratitude to the reviewers for their expert opinions and constructive feedback.

**For citation:** Zhussupbekova M.K., Zhunosbaeva M.K. The concept of wildlife and its features according to the legislation of the Republic of Kazakhstan // Bulletin of Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan. Scientific and legal journal. 2026;81(1): 100-108. DOI – [https://doi.org/10.52026/2788-5291\\_2026\\_81\\_1\\_100](https://doi.org/10.52026/2788-5291_2026_81_1_100).

**Contribution of the authors:**

**Zhusupbekova M.K.** - contribution to the writing of the article, the formation of ideas and the creation of the concept of research in writing scientific articles on the topic. In addition, the author has developed a research plan (stages of writing scientific articles, setting deadlines for their implementation, collecting materials).

**Dzhunosbaeva M.K.** - share in checking the compliance of the article structure with the requirements approved by the editors, preparing the introduction and conclusion, finalizing the verified article, design and transliteration of literature.

**Conflict of interest statement.** The authors declares that there is no conflict of interest.

**Funding.** The authors received no specific funding for this work.

Received: 20.01.2025; revised: 02.06.2025; accepted for publication: 31.03.2026.

The authors has read and approved the final manuscript.